




## 1-ОРЫН ИЕГЕРЛЕРІ

ар – білім додасында биіктен  
ктеп данқын шығаратын үздік

*Білім мен еңбектің шыңы - жет*



# ҒЫЛЫМИ КОНКУРСТАР ЖӘНЕ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАЛАРҒА ҚАТЫСУДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ




# Мықты жақтары



## Қалалық деңгейдегі жоғары нәтиже

Пәндік олимпиадаларда 12 жүлдегердің болуы оқушыларымыздың интеллектуалды деңгейінің тұрақты екендігін көрсетеді.



## Жаңашыл бастамалар

Инженерлік сыныптың және Оқушылардың ғылыми қоғамдастығының (ОҒҚ) ашылуы – заманауи білім трендтеріне (STEM) сәйкестігін көрсетеді.



## Гуманитарлық бағыттағы биік белестер

«Махамбет оқулары» (облыстық 1-орын, республикалық деңгей), «Ақберен», «Мәриям оқулары» мен эссе байқауларындағы жеңістер – тіл мен әдебиет бағытының өте мықты екенін дәлелдейді.



## Жеңістердің ауқымдылығы

«Зерде», «Алтын сақа», «Бауыржан оқулары» сияқты әртүрлі деңгейдегі және бағыттағы байқаулардан жүлде алуы.



## Шығармашылық әлеует

Мектептегі театр, арт-студия, домбыра және дебат үйірмелерінің жүйелі жұмысы оқушының жан-жақты (софт-скиллс) дамуына жағдай жасайды.



# Әлсіз жақтары:



## **ЖМБ бағытындағы шектеулер**

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы (ЖМБ) пәндерден облыстық деңгейде жеңімпаздардың болмауы, бұл бағыттағы дайындықты күшейту қажеттілігін көрсетеді.

## **Деңгейлік алшақтық**

Жетістіктердің көбі қалалық деңгеймен шектеліп, облыстық және республикалық деңгейдегі жүлделердің (гуманитарлық саладан басқасында) аздығы байқалады.

## **Ғылыми жобалардың облыстық деңгейге шықпауы**

Қалалық кезеңде 11 жеңімпаз болса да, облыстық «Зерде» мен ОҒҚ байқауларына қатысудың немесе орынның болмауы жобалардың сапалық деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

# Мүмкіндіктер

01

---

## Инженерлік сынып арқылы секіріс жасау

Жаңа ашылған инженерлік сынып базасында робототехника мен ЖМБ пәндері бойынша зерттеу жобаларын күшейту.

0

---

## <sup>3</sup>Цифрландыру

Оқушылардың ғылыми қоғамдастығы арқылы ІТ-жобаларды қолға алып, республикалық байқауларға (мысалы, "Дарын") мақсатты дайындалу.

0

---

## <sup>2</sup>Әріптестік орнату

ЖМБ пәндері бойынша ЖОО оқытушыларымен немесе арнайы орталықтармен ОҒҚ аясында байланыс орнатып, ғылыми жобалардың сапасын арттыру.

0

---

## <sup>4</sup>Мұғалімдердің біліктілігін арттыру

Олимпиадалық резервпен жұмыс істейтін мұғалімдерді арнайы курстардан өткізу, заманауи әдістемелерді енгізу.

# Қауіптер

1

## Бәсекелестіктің артуы

Мамандандырылған мектептер мен лицейлердің ЖМБ бағытындағы жоғары белсенділігі салдарынан облыстық кезеңде бәсекеге төтеп бере алмау қаупі.

2

## Академиялық теңгерімсіздік

Тек гуманитарлық бағытқа басымдық беріп, жаратылыстану бағытын назардан тыс қалдыру мектептің жалпы рейтингіне әсер етуі мүмкін.

3

## Мотивацияның төмендеуі

Облыстық кезеңге өте алмаған оқушылар мен мұғалімдердің ғылыми жұмысқа деген қызығушылығының азаю қаупі, бұл олардың болашақ белсенділігіне әсер етуі мүмкін.

# Ұсыныстар:

---

## **SWOT-қайталау:**

**Оқу жылының соңында  
дарынды оқушылардың  
нәтижелерінің көрсеткішін  
талдау.**

**Инновациялық көрме:  
Инженерлік сынып пен арт-  
студияның бірлескен «Өнер  
мен Техника» атты  
шығармашылық есеп беру  
көрмесін өткізу.**

**Олимпиадалық нәтижелер:  
ЖМБ пәндері бойынша  
облыстық кезеңге кемінде  
2 оқушыны шығару және  
жұлделі орынға бағыттау.**